ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

**2023.10 (4)**
қазан-желтоқсан

**ISSN 2710-3994**

ISSN 2710-3994 (online)
*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2023
© Авторлар ұжымы, 2023

## БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институтыдиректорының орынбасары. (Қазақстан)
**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнологияинститутының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Әбіл Еркін Аманжолұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтыныңдиректоры. (Қазақстан)
**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).
**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) —** PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (MississippiValley State University). (АҚШ)
**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фарабиатындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
**Кожирова Светлана Басиевна —** саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай жәнеОрталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)
**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)
**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
**Матыжанов Кенжехан Іслəмжанұлы —** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)
**Муминов Әшірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениетғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)
**Самашев Зайнолла Самашұлы —** археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
**Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

## ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

## ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы —** PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астанақаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)
**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих жәнеэтнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

## ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері.(Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.
*Адрес редакции и издательства:*
050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28
РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан —** кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории иэтнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович —** доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович —** доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia) —** доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) —** PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander) —** доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно- Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна —** доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна —** доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матыжанов Кенжехан Слямжанович —** доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович —** доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür AraştırmaMerkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas) —** доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич —** археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийскогонационального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожахметович —** доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна —** кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна —** PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Капаева Айжан Токановна —** доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института историии этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы —** научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна —** сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Founder and publisher*: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.
*Editorial and publisher address:*
28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan
RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2023
© Group of authors, 2023
© Коллектив авторов, 2023

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History andEthnology. (Kazakhstan)
**Abil Yerkin Amanzholovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK.(Kazakhstan)
**Ayagan Burkitbai Gelmanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)
**Werner, Cynthia —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)
**Golden Kathie Stromile —** PhD, Mississippi Valley State University. (USA)
**Ismagulov Orazak Ismagulovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)
**Karibayev Bereket Bakhytzhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic ofKazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)
**Kozhirova Svetlana Bassievna —** Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chineseand Asian Studies. (Kazakhstan)
**Diener Alexander —** Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)
**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)
**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)
**Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich —** Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)
**Morrison Alexander —** PhD, Professor, University of Oxford. (UK)
**Muminov Ashirbek Kurbanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for IslamicHistory, Art and Culture. IRCICA (İslвm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)
**Rimantas Želvys —** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)
**Samashev Zainolla Samashevich —** archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of GermanArchaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)
**Sydykov Erlan Battashevich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of theRepublic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)
**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna —** Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of Historyand Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna —** PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology.(Kazakhstan)
**Kapaeva Aizhan Tokanovna—** Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of Historyand Ethnology. (Kazakhstan)
**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly —** researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna —** researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.(Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 10. Is. 4, pp. 802–814, 2023
Journal homepage: https://edu.e-history.kz

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_802-814

# THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950)

*Kuralay K. Sarsembina[1], Makhabbat M. Kozybayeva[2]*

[1]Branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology in Astana
(11/5, Kabanbay Batyr Ave., 010017, Astana, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher
https://orcid.org/0000-0002-5571-7944. E-mail: kuralai_sk@mail.ru

[2]Branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology in Astana
(11/5, Kabanbay Batyr Ave., 010017, Astana, Republic of Kazakhstan)
PhD, director
https://orcid.org/0000-0002-7223-2439. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023
© Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M., 2023

**Abstract.** *Introduction.* The article, based on archival data, analyzes the fate of women during the years of political repression. Intensive measures were taken to involve women in socialist construction and propaganda work was carried out in this direction at the state level. Women became the object of Soviet policy. *Goals and objectives*– to study the fate of politically repressed women in the 1920–1950s, based on new archival data. Correspondingly, it is necessary to show that measures of political repression covered all areas, that the issue of communist "equality of women" was carried out through political repression. In the article, based on data from the funds of the Central State Administration of the Republic of Kazakhstan, the Administration of the Republic of Kazakhstan, the Aktobe Regional State Archive, and the State Archive of the city of Astana, materials on political repressions against women are studied. *Results.* Political repression was directed against family unity. Wives, mothers, relatives and children of the so-called "enemies of the people" were subjected to massive political repression. *Conclusion.* At the same time, among the military personnel and representatives of deported nationalities there were also many women who were subjected to political repression. Even housewives were accused of dissent. Lawlessness knew no bounds.
**Keywords:** Political repression, totalitarianism, national consciousness, Soviet power, women, law, punishment, dissent, «Enemy of the people», ChSIR (members of the families of traitors to the Motherland)
**Acknowledgments.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Mass Political Repression in Kazakhstan in the 20–50s of the 20th Century and Rehabilitation Processes: Creation of a Unified

Database" (Registration number OR 11465470).
**For citation:** Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M. The fate of Kazakhstan women during the years of political repressions (1920–1950) // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 3. Pp. 802–814. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_802-814

# САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.)

*Құралай Қуандыққызы Сарсембина*[1], *Махаббат Мәліккызы Қозыбаева*[2]

[1]Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының филиалы (11/5-үй, Қабанбай батыр даңғ., 010017, Астана, Қазақстан Республикасы)
тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
https://orcid.org/0000-0002-5571-7944. E-mail: kuralai_sk@mail.ru

[2]Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының филиалы (11/5-үй, Қабанбай батыр даңғ., 010017, Астана, Қазақстан Республикасы)
PhD докторы, директор
https://orcid.org/0000-0002-7223-2439. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023
© Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М., 2023

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақалада саяси қуғын-сүргін жылдарындағы әйелдер тағдыры деректер негізінде зерделенген. Кеңестік билік әйелдерді социалистік құрылысқа тарту шараларын қарқынды қолға алып, осы бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарын мемлекеттік деңгейде жүргізді. Әйелдер де кеңестік саясаттың нысанына айналды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырын тың деректер негізінде зерделеу. Саяси қуғын-сүргін шараларының барлық саланы қамтығандығын, әйелдерге «тең құқық беру» саясаты қуғын-сүргін шараларымен жүргізілгендігін дәйектеу. Мақалада ҚРОМА, ҚРПА, Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, Астана қалалық мемелекеттік архиві қорларындағы деректер негізінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер зерделенді. *Нәтижелері.* Саяси қуғын-сүргін отбасы бірлігіне қарсы бағытталды. Күйеулері «Халық жауы» деп ұсталған тұлғалардың әйелдері, аналары, туған-туыстары, балалары жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады.
*Қорытынды*. Сонымен бірге, қызметте жүрген әйелдер, депортацияланған ұлт өкілдері арасынан да саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер көп болды. Тіпті, үй шаруашылығына отырған аналар да аңдаусызда айтылған ойлары үшін айыпталды. Заңсыздықта шек болмады.
**Түйін сөздер:** Саяси қуғын-сүргін, тоталитаризм, ұлттық сана, кеңес өкіметі, әйелдер, заң, жаза, келіспеушілік, «Халық жауы», «ЧСИР» (Отанын сатқандардың отбасы мүшелері)
**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XX ғ. 20–50 жылдардағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау үрдістері: бірыңғай деректер базасын құру» тақырыбындағы бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: OR 11465470).
**Дәйексөз үшін:** Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М. Саяси қуғын-сүргін жылдарындағы Қазақстандық әйелдер тағдыры (1920–1950 жж.) //«Edu.e-history.kz.» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. С. 802–814. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_802-814

# СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.)

*Куралай Куандыковна Сарсембина*[1], *Козыбаева Махаббат Маликовна*[2*]

[1]Филиал Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова в г. Астана
(д. 11/5, пр. Кабанбай батыра, 010017, Астана, Республика Казахстан)
кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник
https://orcid.org/0000-0002-5571-7944. E-mail: kuralai_sk@mail.ru

[2]Филиал Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова в г. Астана
(д. 11/5, пр. Кабанбай батыра, 010017, Астана, Республика Казахстан)
доктор PhD, директор
https://orcid.org/0000-0002-7223-2439. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Сарсембина К.К., Козыбаева М.М., 2023

**Аннотация.** *Введение.* В статье на основе архивных данных анализируется судьба женщин в годы политических репрессий. Интенсивно принимались меры по вовлечению женщин в социалистическое строительство и велась пропагандистская работа в этом направлении на государственном уровне. Женщины стали объектом советской политики. *Цель и задачи исследования.* Исследование судеб политически репрессированных женщин в 1920–1950-е годы, основанное на новых архивных данных показать, что меры политических репрессий охватывали все сферы, что вопрос коммунистического «равенства женщин» осуществлялся посредством политических репрессий. В статье на основе данных фондов ЦГА РК, АП РК, Актюбинского областного государственного архива, Государственного архива города Астаны изучены материалы по политическим репрессиям в отношении женщин. *Результаты.* Политические репрессии были направлены против единства семьи. Массовым политическим репрессиям подвергались жены, матери, родственники и дети так называемых «врагов народа». *Заключение.* В то же время среди военнослужащих и представителей депортированных национальностей было также много женщин, подвергшихся политическим репрессиям. В инакомыслии обвиняли даже домохозяек. Беззаконие не знало границ.

**Ключевые слова:** Политические репрессии, тоталитаризм, национальное сознание, советская власть, женщины, закон, наказание, инакомыслие, «Враг народа», «ЧСИР» (члены семей изменников Родины)

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Массовые политические репрессии в Казахстане в 20–50-х гг. XX в. и процессы реабилитации: создание единой базы данных» (регистрационный номер: OR 11465470).

**Для цитирования**: Сарсембина К.К., Козыбаева М.М. Судьбы казахстанских женщин в годы политических репрессий (1920–1950 гг.) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 3. С. 802–814. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_802-814

**Кіріспе**

1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғамның қаншама адамның өмірін қиған, адамдарды өмір сүру құқығынан айырған қылмысын дәлелдейді. Сол бір зобалаң жылдары адам өмірі ойыншыққа айналып, талай тағдыр тәлкек болды. Кеңес өкіметі құрылған күннен бастап қуғын-сүргінге жол ашты. Лениннің өзі «К вопросу о

национальной политике» деген еңбегінде былай деп жазған еді: «Вся политика правительства по отношению к евреям и другим извините за «правительственное» выражение «инородцам» сразу станет понятной, естественной, неизбежной, если взглянуть правде в лицо и признать несомненный факт, что страна переживает состояние плохо прикрытой гражданской войны. Правительство не управляет, а воюет» (Ленин, 1961: 65).

1920 жылдан бастап ВЧК-ГПУ-НКВД «антисоветтік мәліметтерді» тиянақты жинақтап отырғандығын да зерттеушілер әлдеқашан дәлелдеді (Советская деревня, 2000: 17).

Жак Россидің жазуынша 1920 жылдың басынан бастап-ақ «контрреволюциялық» немесе «кеңестерге қарсы» іс-әрекеті үшін айыпталғандар 6 айдан жоғары мерзіммен бас бостандығынан айыру жазасын иеленді. 1930-жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58–10 бабымен 10 жылға сотталғандар саны миллионға жетті. Сөйтіп, ГУЛАГтағы адамдардың 25 процентін құраған (Росси, 1991: 25). «Контрреволюция мен спекуляцияға қарсы күрес апталығы» журналы (ЧК журналы) ату жазасына кесілгендер тізімін жариялап тұрған (Красная книга ВЧК, 1990). Кеңестік билік бұқаралық ақпарат құралдарын кеңес өкіметінің саясатын жүргізетін, халықты идеологиялық өңдейтін «құралға» айналдырды. Тіпті, 1930-жылдан бастап өлім жазасына кесілгендерге қатысты мәліметтер мемлекеттік құпияға айналды.

Ал, қуғын-сүргін саясатына жол ашып, жөн сілтеп отырған коммунистік партия еді. Партия адамдарды қудалауға жол ашқандықтан, архивтердегі партияға қатысты құжаттарда сол жылдардың қайғылы оқиғаларына қатысты деректер мол. Сот жүйесі өзінің дербестігінен айырылып, партияның орындаушысы болған жылдары заңсыздықта шек болмады. Сот жүйесі 1920 жылдың басынан «тап күресін» жүргізуге әзір болды. 1920–1930 жылдары сот жүйесі толығымен қайта құрылған соң, кеңестік жүйе репрессиялық саясат жүргізуге даяр болды. КСРО Конституциясында сот (157-бабы) мәжілістері ашық жүргізіледі, судьялар мен халық заседательдері дербес, тәуелсіз болып, заңға қана бағынады (155-бапта) деп жазылғанымен, шынайы өмірде басқаша болды. Сөз бен істің қабыспауы сол жылдары тамырын тереңге тартты.

Кеңестік заңдар тек қана жоспарлы экономиканы дамытуға қызмет етті. Адам проблемасы ескерілмеді. Кеңестік билік орнаған күннен бастап әйелдерді социалистік құрылысқа тарту шараларын қарқынды бастады. Осыған орай, әйелдердің әлеуметтік мәртебесін «өзгертуге» ұмтылды.

«…Ұлы Қазан революциясына дейін әйелдер күң ретінде пайдаланылған, енді Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақ әйелінің күні туды…» (Ряднин, 1933: 7) - деген мазмұндағы ой-пікірлер баспасөзден берік орын алады. Сөйтіп, әйелдерге қатысты саясат өзінің «идеологиялық» негізін жасап та үлгереді. Нәтижесінде «әйел теңдігі» мәселесіне саяси мән беріледі. Сондай-ақ осы тұста Кеңес мемлекетінің жергілікті ұлт өкілдерінің әйелдері арасынан өз саясатын жүргізуге көмек беруші кадр даярлау ісіне де терең мән бергендігін айта кету қажет. Алайда бұл мәселе көптеген қиыншылықтарға тап болды. Әйелдердің арасынан кадр даярлау ісін жоғары деңгейге көтеру мақсатында арнаулы курстар ашылады. Осындай курстар қызыл отаулар жанындағы сауатсыздықты жою, жұмысшы, шаруа әйелдеріне кеңес өкіметінің саясатын түсіндіру мақсатында кадр даярлаумен айналысқан. 1926 жылы әйелдерге арналған 6 айлық курстар ұйымдастырылды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2357-іс. 91-п.).

1923 жылы 13 желтоқсанда Қазақстанда Орталық Атқару Комитеті жанынан әйелдердің тұрмысын жақсарту бойынша комиссия ұйымдастыру туралы қаулы қабылданды. Алайда комиссия әйелдердің құқықтық,экономикалық және тұрмыстық жағдайына қатысты түрлі деңгейдегі шараларды 1926 жылдың 14 қазан айынан бастап жүргізген (ҚР ОМА. 5-қ. 7-т. 6А-іс. 25-п.). Әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту бойынша комиссия өз жұмысын әйелдер бөлімдерінің қызыл отаулары арқылы жүргізді. 1926-жылы республикада 13 көшпелі қызыл отаулар болса, ал 1930-жылы олардың саны 74-ке өседі (Женские клубы на Востоке, 1927: 120).

1920–1930 жылдары Қазақ өлкелік БК(б)П комитетінің әйелдер бөлімі, әйелдердің саяси-құқықтық және экономикалық жағдайын өзгертуге бағытталған саясатты жүргізетін, демек

партия нұсқауларын орындаушы органға айналды.

Қазақ әйелдерін кеңестік құрылысқа тарту саясаты қазақ дүниетанымындағы «ана образына» соққы берді. Сондай-ақ, әйелдерді социалистік құрылысқа тарту шаралары да қуғын-сүргінмен ұштасты.

Кеңестік билік құлаған соң ғылыми зерттеулер жарық көріп, тоталитарлық қоғамның табиғаты мен мәнін, мазмұнын ашатын еңбектер жарияланды. Еңбекпен түзету лагерлерінің тарихына арналған кітаптар да халыққа жетті (Хлевнюк, 1992: 73).

Елімізде де саяси қуғын-сүргін зобалаңына қатысты ғылыми еңбектер жарық көрді (Шаймуханова, Шаймуханова, 1997: 175). К. Нұрпейісов (Нұрпейіс, 2007), М. Қозыбаев (Қозыбаев, 2006), М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2004), Т. Омарбеков (Омарбеков, 1997), Қ. Алдажұманов және басқа да белгілі тарихшылар кеңестік биліктің жазалау саясатын көрсететін құнды ғылыми еңбектерін жариялап, төл тарихымыздың «ақтаңдақ парақтарын» зерттеуге қомақты үлес қосты.

**Материалдар мен әдістер**

Саяси қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз жазаланып, адам айтқысыз азап көрген аналардың естеліктері негізінде, сонымен қатар Алматы (ҚР Орталық мемлекеттік архиві), Астана қалалық мемлекеттік архивіндегі, Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві деректер негізінде мақала даярланды. Сонымен қатар, мақаланы жазу барысында талдау, сараптау, жүйелеу, салыстыру, индукция, дедукция, және өзге де жалпы ғылыми әдістер пайдаланылды.

**Талқылау**

Кеңестік билік 1920 жылдан бастап жергілікті халықтың салт-дәстүр ерекшеліктерін түбегейлі өзгертуға бағытталған декреттер қабылдай бастады. Мәселен, сол жылы елімізде қалың малға тыйым салуға қатысты қабылданған декреттің мазмұны репрессиялық шаралармен айқындалды. Қалыңмал (мал немесе өзге де мүлік түрлері) екі есе тәркіленіп, құда болған тараптарға 1 жыл бас бостандығынан айырылатын жаза түрі белгіленді. Қылмыстық Кодекстің 196 бабымен айыпталғандарға қорғану құқығын пайдалануға заң жүзінде тыйым салынды.

Кеңес өкіметі өз саясатын түпкілікті орнықтыру үшін мейрамдарды көптеп енгізді. Жоғарыда аталған қалың малға тыйым салынған декреттің жариялану құрметіне орай «Қазақ қыздарының азат етілген күні» деген мереке пайда болды. Ол 10 жыл бойына «тойланған».

1928 жылы РСФСР қылмыстық кодексінің «Рулық тұрмыс қалдықтарын құрайтын қылмыстар туралы (о преступлениях, составляющих пережитки родового быта)» деп аталатын 10-шы тарауы өмірге келеді (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2828-іс. 50-п.). Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қарсы күрес жылдан жылға өршіп, тіпті құда түсу рәсіміне қатысқандар да партиядан шығарылып, айыпқа тартылған.

Архив құжаттарына қарай отырып, кеңестік билік қуғын-сүргінді қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктеріне қарай даярлаған деп айтуға негіз бар. Мысалы, 1926 жылы «Рулық күрестің жетекшілерін жауапқа тарту» үшін РСФСР Қылмыстық Кодексіне 236-бап енгізіледі (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 118-іс. 7–4-пп.). «Рулық күреске қарсы шаралардың» заңдық негізі даяланады. Салт-дәстүрге қарсы қарарлардың орындалуы да қатаң тексерілген.

1928 жылғы 10 желтоқсанда Қазақ өлкелік БК(б)П комитеті мәжілісі әйелдерді кеңестік құрылысқа тарту саласында: «…кісі өлтіру мен зорлық-зомбылықты бай-кулактар және діни қызметкерлер тарапынан таптық күреске қарсы контрреволюциялық қылмыс ретінде қарастыру керек….» деген шешім қабылдаған (Ақтөбе ОМА. 9-қ. 1-т. 371-іс. 15-п.).

1928 жылы юстиция қызметкерлері тұрмыстық қылмысқа қатысты, кеңес заңы, әйелдер құқығы туралы әйелдер арасында 276 баяндама жасаған. Осы жылы Қазақстан халық соттары тарапынан ұйымдастырылған 738 көрсеткіш сот процестерінің шамамен 50 проценті әйелдерге қатысты қозғалған тұрмыстық қылмыс болды (Ақтөбе ОМА. 9-қ.; 1-т., 622-іс. 193-п.).

«Патриархальды қалдықтарға» қарсы күрес жылдан-жылға күшейе түскен. Мәселен, 1928-жылы 1-ақпанда Қазақ өлкелік комитеті бюросында «Қалың мал және көп әйел алушылықпен күрес туралы» қарардың орындалуын тексерудің қортындысы қаралады (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 8-іс. 5-п.). Нәтижесінде әйелдер арасындағы үгіт-насихат жұмыстарын одан әрі жақсарту мақсатында қызыл отаулар санын көбейту жөнінде шешім қабылданады. Сөйтіп, әйелдерді социалистік құрылысқа тарту және рулық қалдықтармен күресу шараларының ауқымы кеңейе түскен. Осы мақсатпен «Қалың мал мен көп әйел алушылық жойылсын» деп аталынатын қоғам құрылады (Ақтөбе ОМА. 9-қ. 1-т. 371-іс. 3-п.).

Әрбір губерниялар «Қалың мал мен көп әйел алушылыққа қарсы күрес» туралы баяндамаларды жиі жасап, орталық комитетке арнайы есеп беріп отырған.

Халық Комиссарлар Кеңесі және Орталық Комитеттің сол кезеңдегі құжаттарына зер салғанда, 1925–1928 жылдар аралығында қазақ әйелдерін социалистік құрылысқа тарту ісінің баяу болғандығын байқаймыз. Ал, 1929–1935 жылдары осы мәселе төңірегінде партияның нұсқаулары үсті-үстіне жарияланып, өлкелік комитет бюросының отырысында мәселелер жиі-жиі көтерілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2952-іс. 21-п.). Оның себебі, саяси-экономикалық науқандарға қазақ әйелдерін белсенді қатыстыру мақсатынан туындаса керек. 1927 жылы "Әйелдердің тұрмысы мен еңбегін жақсарту ісі" бойынша комиссия әйелдерді бесжылдық жоспарға қатыстыру мақсатында оларды өндіріске тарту туралы Республика Халық Шарушылық Орталық Кеңесіне арнайы хат жолдайды. Алайда осы мәселеге Халық Шарушылық Орталық Кеңесі қарсылық білдірген (ҚР ОМА. 5-қ. 7-т. 6А-іс. 126-п.).

1928 жылғы 11 тамыздағы Қазақ Еңбек Халық Комиссариаты қаулысымен ірі өндірістік кәсіпорындар жанынан әйелдерді қара жұмысқа тарту мақсатында нұсқаушылар бөлімі ұйымдастырылады. Арнайы маман болмаған соң кәсіпорындарда жұмыс жасаған әйелдердің басым көпшілігі ауыр қол еңбегімен айналысты. Сол жылдары Қазақстандағы өндіріс саласында жұмыс жасаушы әйелдердің облыстық жиналыстары тұрақты түрде өткізілген. Нәтижесінде, әйелдерді өндіріске тарту ісі жетістіктерге жеткен.

1931 жылы 29 мамырда Қазақ өлкелік БК(б)П комитеті бюросы Республика Халық Еңбек Комитетінің (наркомтруд) әйелдерді өндіріске тарту шаралары туралы баяндамасын тыңдап, әйелдер еңбегінің өндірісте пайдаланылуы туралы жоспарды бекітеді (Ақтөбе ОМА. 9-қ. 1-т. 371-іс. 25-п.). Нәтижесінде Қазақстан өнеркәсіп орындарында әйелдердің үлес салмағы артты. Ағылшын зерттеушісі, Д.Ж. Бейкер «…1929–1937 жылдар аралығында әйелдердің 2/3-і өндіріске тартылды, екінші бесжылдықтың соңында өндіріспен құрылыс саласында әйелдер ерлердің мамандығын игере бастады. Ал, 1937 жылы Қазақстанда әрбір 5-ші шахтер мен әрбір 6-шы құрылысшы әйел болды» деген пікірді айтады (Козыбаев, 1990: 6).

Өндіріс орындары мен темір жол бекеттері бойында қуғын-сүргін шараларының кең көлемде жүргізілуілгенде, әйелдер де ер адамдармен бірге жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған. 1925–1938 жылдардағы қуғын-сүргін саясатына темір жол бойы, заводтар мен өнеркәсіп орындарының, көлік (транспорт) саласының қызметкерлері мен арнайы аударылғандар (спецпереселендер) көп ұшырады.

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақстандық әйелдер толыққанды зерттелген жоқ. Ф.И. Голощекин Қазақстанға келісімен қуғын-сүргін шараларының қарқынды жүргізілуіне жол ашты. Халықтың мүддесіне қайшы оғарыдан жүргізілген саяси-экономикалық науқандар халықтың наразылығын тудырды. Қарсылық көрсеткендерге жалпылама «айыптар» тағылып, нәтижесінде ер адамдармен бірге әйелдер де жазықсыз айыпталды.

1929–1931 жж. кеңестік биліктің халыққа жасаған заңсыздығы салдарынан болған халықтық көтерілістердің жетекшілері мен қатысушылардың отбасы мүшелері де түгелдей қудаланды. Олардың санын толық анықтау керек. Жазалаушы отрядтардың жауыздыққа толы іс қимылынан үрейленіп, бастары ауған жаққа ауа көшіп, мәжбүрлі босқынға айналғандардың ішінде әйелдер мен балалар да көп болды. Танмымал тарихшы ғалым Х. Әбжанов 2023 жылы жарияланған

«Алаш және халық көтерілістері» атты мақаласында Қарақұм көтерілісінің бел ортасында жүрген А. Шәйменова мен Б. Алданаева туралы тың деректерді жариялаған еді: «Құжатттарды іздеу және сұрыптау үстінде көтерілісшілер қатарында жүрген екі әйел ғана көзімізге түсті. Әсіресе, Айбарша Шәйменованың ерлігі бөле-жара айтуға лайық. Қарақұм көтерілісінің бел ортасында жүріпті. Ақ туды қолға алып, ауыл-аыл арасында насихат жүргізген, кеңеске қарсы қарулы күреске шақырған. Үнжұрғасы түскендерге: «Сендер де жігітсіңдер ме, қоян жүрек қорқақсыңдар», «Қазақ халқының бостандығы үшін қан төгіңдер» деп ұрандаған екен. Көтерілісшілер жазаланғанда Айбарша 10 жылға сотталды, күйеуі Қали 3 жыл алды. Ал, екінші әйел Б. Алданаеваның тағдыры әзірге беймәлім. Әйелдер көтерілісшілерге тамақ даярлағаны, киім-кешектерін жуғандығы құжаттарда айтылады. Ендеше, қаһарлы жылдарда әйелдер күрестен тыс қалмады. Олардың ерлігі құрметке, арнайы зерттеуге лайық» (Әбжанов, 2023: 13).

1997 жыл «Жалпыұлттық келісім мен саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу жылы» болып аталынған соң, репрессияға ұшыраған тұлғалар, әсіресе жазықсыз жазаланған әйелдер туралы бірқатар естеліктер жарияланып, облыстардан шығарылған «Азалы кітап-книги скорби» жазықсыз саяси қуғын көргендердің аты-жөндерін тарих бетінде мәңгілік қалдырды. Алайда, аталған кітаптарда жазылған әйелдердің тізімі де толықтыруды талап етеді. Енді, «Азалы кітап-книги скорби» кітап беттеріндегі зобалаң жылдары жазықсыз құрбан болған әйелдердің ұлттық санын, әлеуметтік құрамы және т.б. деректерді талдасақ: Алматы облысы бойынша 2011 жылы жарияланған «Азалы кітапта» 66 әйел жазылған. Оның ішінде орыс ұлты – 37; қазақ – 1; поляк – 2; украйн – 7; еврей – 6; неміс – 5; венгр – 1; белорус – 1; дұңған – 1; поляк – 1; эстон – 1; ұлты көрсетілмеген – 3 адам. Әлеуметтік құрамы түрліше. 14 адам жұмыссыз деп көрсетілген. 2 монашка, 2 дәрігер, 1 медсестра, 3 колхозшы, 5 мұғалім, 7 экономист, статистик,

Ату жазасына кесілгендер саны-41, ал қалғандары түрлі мерзіммен сотталған. Сотталғандардың ішінде 1 ҚазМУ кітапханашысы, 1 Союзпечать іс басқарушысы бар. Ату жазасына кесілгендердің әлеуметтік құрамы келесідей: 2 колхозшы, 1 монашка, 1 машинистка, 3 жұмыссыз әйел, 8 үй шаруашылығындағы әйел, 2 аудармашы, 1 тігінші, 4 мұғалім, 2 бухгалтер, 1 еден жуушы, 1 киім тігуші, 5 адамның қызметі жазылмаған.

Ату жазасына кесілгендер қатарында 2 студент бар, оның бірі Шахзада Шонанова. Аталған кітапта: «ШОНАНОВА Шахзада род. в 1903 г., ур. Джанбейтинск . р-на ЗКО. прож. в гор. А-Ате, казашка, ст-ка 3 –го курса биофака. Осужд. ВС ВКВС СССР 09.03.1938 г. Реабилитирована опред. ВКВС СССР от 08.03.1958 г. (469 стр).»,-деген деректер жазылған. Алайда Ш.Шонанованың атылғаны белгілі. Ату жазасына кесілген екінші студент туралы келесідей мәліметтер жазылған: СУКИНА Антонина Яковлевна род. в 1904 г.в провинции Харбин. Китай, проживала в г. Алма-Ате, русская, студентка. Осуждена ТР. УНКВД по Алма-Атинской обл. 07.10.1938 г. по ст. 58-1 а УК РСФСР к ВМН, расстреляна 08.10.1938 г. Реабилитирована заключением прокуратуры Каз СССР 16.06.1989 г. (Книга скорби-Азалы кітап, 2011: 395).

Алматы облысы бойынша 1996 жылы шыққан Азалы кітапта саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 37 әйел жазылған, алайда «Книга скорби-Азалы кітап. Захоронение «Жаналық» кітабында 27 айелдің аты –жөндері қайталанады. Осы аталған кітапта қуғын-сүргін зобалаңына ұшыраған 10 әйелдің 9-ы АЖК. Үкім орындалған. 1-уі сотталған. Ұлттық құрамы келесідей: орыс-2, Еврей-3, Неміс-1, Украйн-2, Поляк-1.

Білімдері жазылмаған. Кәсіптері, қызметтері келесідей: бухгалтер-1; үй шаруашылығында-2; тігінші-1; педагог-1; акушерка-1; техник-2; тігінші-1. Сотталған-1. (Книга Скорби, 1996: 360 с.).

Ақтөбе облысы бойынша 1997 жылы жарық көрген «Қуғын-сүргін құрбандары» кітабында Ақтөбе облысы бойынша 263 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшырағандығы жазылған. Оның 94-і орыс; 55-і қазақ; 39-ы неміс; 38-і украин; 13-і еврей; 6-уы поляк; 3-уі финка; 3-і татар; 2-уі белорус; 2-уі латыш; 2-уі молдаван, 2-уі грузин, 2-уі азербайджан, 1-уі эстон; 1-уі шешен ұлтының өкілдері. Олардың 21-і АЖК (ВМН); 28 өзге өңірлерге жер аударылған.Қалғандары түрлі

мерзіммен сотталған. (Куғын-сүргін құрбандары, 1997).

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 33 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Барлығы ату жазасына кесілген. Үкімнің орындалғаны туралы анықтамада көрсетілмеген. Ұлттық құрамы келесідей: орыс – 15; еврей – 6; Неміс – 3; Татар – 2; Эстон – 1; Украйн – 2; Поляк – 2; Литовка – 1; Ұлты көрсетілмеген – 1.

Бастауыш білімі бары – 10; толық емес орта білімді – 2; орта білімді – 10; жоғары білімді – 3; аяқталмаған жоғары білімді – 2; сауатсыз – 3. Кәсіптері, қызметтері келесідей: дәрігер – 1, мұғалім – 3; студент – 1; бухгалтер – 6; машинистка – 2; облторг бастығы – 1; «Ленин туы» газеті редакциясының хатшысы – 1; контролер – 1; іс жүргізуші – 1. (Книга скорби, 2002: 210)

Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы сайтынан (http://www.kstounb.kz/kz Қостанай облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған және ақталған тұлғалар тізімі) жазылған. Қостанай облысы бойынша 28 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Барлығы ату жазасына кесілген. Үкімнің орындалғаны туралы анықтамада көрсетілмеген.

Ұлттық құрамы келесідей: орыс – 22; украйн – 5, неміс – 1. Бастауыш білімі бары – 16; толық емес орта білімді – 2; орта білімді – 2; жоғары білімді – 1; сауатсыз – 5. Кәсіптері, қызметтері көрсетілмеген.

Жоғарыдағы деректерді зерделегенде, колхозшы, жұмысшы әйелдердің арасында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің көп болғандығы байқалады. Сонымен қатар жазықсыз жазаланғандардың басым көпшілігінің бастауыш білімі болған.

Саяси қуғын-сүргін құрбандары балаларының естеліктер жинағын да құнды дерекер бар. Мәселен, АЛЖИР мұражайы құрастырған «Ұрпақтар ұмытпайды» жинағында саяси қуғын-сүргінге ұшыаған тұлғалардың Гүлнар Дулатова, Гүлнар Хайретдин, Аргуния Жақыпқызы, Аман Нұрмақов, Татьяна Никольская және т.б. балаларының естеліктері топтастырылған (Ұрпақтар ұмытпайды, 2017).

**Нәтижелер**

Әйелдер кеңестік биліктің саясатын жүргізуге пайдаланылды. Осы мақсатта, дәстүрлі түрде қалыптасқан әйел-ана, отбасы түсініктеріне мүлдем басқаша мазмұн берілді. Архив деректерінде әйелдерге қатысты жиналыстардың хаттамаларында «әйелдерге косметика, әдемілік туралы ойланбай, социалистік құрылысқа қалай қызмет етуді ойлану қажеттілігін» бұйырған жолдар да тым жиі кездеседі. Жер жерден құрылған «Қызыл отаулар» да әйелдерге қатысты кеңестік саясаттың өнімді болуына қарқынды ықпал етті. Әйелдерге Маркс, Ленин, Сталин еңбектері оқытылды. Қарсы айтылған болмашы пікірлерге саяси мән берілді. ОГПУ мәлімдемелерінде әйелдердің кеңестерге қарсы пікірлері де жиі кездеседі.

Кеңестік саясаттың әділетсіз, адам құқын бұзған шараларына әйелдер де қарсылық танытып, қарсы пікірлерін айтқан. Әйелдердің кеңестік билікке қатысты айтқан теріс пікірлері «Алашордашылар, байлар, кулактар, молдалардың іс-әрекеті» ретінде қабылданған.

Жазықсыз жазаланған әйелдердің толық тізімін шығару қиындық туғызуда. Кеңестік билік түрме мен лагер тұтқындары туралы мәліметтерді толтырғанда жүйесіздік пен ретсіздікке орын алдырған. Мәселен, көп жағдайда тұтқындардың жалпы саны айтылып, ер мен әйелдердің статистикалық есебі жеке дара көрсетілмейді.

Округтік және халық соттарының статистикалық мәліметтерінде 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша сотталғандар арасынан әйелдер бөлініп те көрсетілмеген. Статистикалық мәліметтерде тек қана әлеуметтік құрамы, қызметі, үкімге ғана мән берілген (Ақтөбе ОМА. 13-қ. 6-т. 42-іс. 38-п.). Мысалы, 1931 жылы республика бойынша 45753, 1932 жылы 23515, ал 1933 жылдың I жартысында 10322 адамның сотталғаны жазылған. Олардың ішінен әйелдердің бөлініп көрсетілмеген (ҚР ОМА. 1380-қ. 2-т. 451-іс. 18-п.).

ЮХК, ПП ОГПУ органдары сотталғандар тізімін жиі-жиі сұратып, оларды қатаң бақылаған. Мысалы, 1931 жылғы 24 тамыздағы жазылған тізімдегі 274 адамның ішінен Мамонова Матрена (5327-іс), Романнюк Ольга (4389-іс), Станевская Елена (4491-іс), Бравкова Нина (4949-іс) деген әйелдердің аты-жөндері қана кездесті (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 263-іс. 306-п.).

1925 жылы да сот тергеу орындары тарапынан заңсыздықтар қатары көп жіберілген. Үстінен қылмыстық іс қозғалғанын білмей, сотталған әйелдер көп болған. Қарақалпақ автономды облысының, Төрткүл қаласы тұрғыны А.П. Белова облыстық прокуратурада хатшы қызметінде жүргенде ҚК-ң 67–73 баптарының 1-бөлімімен айыпталады. Дәлелдің жеткіліксіздігінен қылмыстық іс тоқтатылса да, жұмыс жасай алмаған. Осыған байланысты А. П. Белова 1925 жылы 6 қыркүйекте құжаттарын тезірек жіберуді өтініп, бір жапырақ нан табу үшін қандай да болсын, кез-келген мекемеге жұмысқа орналасуы керектігі туралы ЮХК-на шағымданған. Алайда, тиісті орындар ешқандай жауап бермеген. 1926 жылы 24 қарашада А.П. Белова тағы да арызданған. Тек қана 1927 жылы қыркүйек айында «құжаттарын алуға рұқсат» деген жауап алған (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 164-іс. 115-п.).

Тіпті, халық медицинасын пайдалану арқылы адам емдеу ісімен айналысқандар да айыпталған. Орынбор қорғаушылар комиссиясының мүшесі А.В. Лазов 1928 жылы РСФСР Жоғарғы Соты жанындағы прокурорға жазған мәліметтерінде Е.В. Розанова деген азаматшаның сотсыз, тергеусіз, заңсыз емдеумен айналысқаны үшін сырттай сотталып кеткендігін келтіреді. Е.В. Розанова өзіне қарсы қылмыстық істің қозғалғанын да білмеген (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 173-іс. 70-п.).

ЮХК құжаттары арасындағы «Азаматтардың өтініштері мен арыздары» - деп аталатын істерде қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалардың КСРО Прокурорына, тіпті Мәскеуге жазған шағым хаттары өте көп. Онда өздерінің ОГПУ тарапынан көп қудалау көргендіктерін жазады. Жауапқа тартылғандарға ІІХК тарапынан көрсетілген қорлықтар туралы тиісті орындарға хабарлаған прокурорлар жаппай тұтқынға алынған (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 64-іс. 11-п.).

РСФСР Жоғарғы Сотының қазақ бөлімінде 1925–1938 жылдардағы құжаттарда да жазықсыз сотталған әйелдер аз кездеседі. Мысалы 1925 жылғы қылмыстық-соттық және шағымдау істерінде әйелдер кездеспейді (ҚР ОМА. 251-қ. 3-т.10-п.). 1926 жылғы есепте ғана 6 әйелдің аты-жөні ғана жазылған. 79-іс Рыболова А., 103-іс Тюрина З., 138-іс Чернова М., 139-іс Неткачева, 140-іс Попова, 143-іс Васильева А. (ҚР ОМА. 251-қ. 4-т. 5-п.). 1927 жылдық қылмыстық істерде 7 әйелдің аты-жөні ғана кездессе (ҚРОМА. 251-қ. 5-т. 13-п.). 1929-30 жылдардағы сотталғандар ішінде 3 әйелдің аты-жөні келтірілген (ҚР ОМА. 251-қ. 6т. 12-п.).

Қостанай еңбекпен түзету үйінде 1931 жылы 24 шілдеде 715 тұтқын болса, оның 24-і әйел болған (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 263-іс. 322-п.). Сол жылдары «контрреволюциялық іс-әрекеті» үшін айыпталғандар саны күрт артқан (ҚР ОМА. 251-қ. 7-т. 4-п.). 1933 жылғы Жоғарғы Соттың қазақ бөлімінің құжаттарында Л. Ладушкина және М. Нурманова деген әйелдер қана жазылған. Олар 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша сотталған (ҚР ОМА. 251-қ. 11-т. 2-п.). 1935–1937 жылдардағы қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар арасында, тек қана ҚК-ң 109 бабымен сотталған Жақсыбаева Қайныш (№ 9 іс), РСФСР ҚК-ң 59-3 бабымен сотталған Асылбекова және Джалбаева (№ 75 іс), 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша айыпталған Сартбаева Куляш (№ 462 іс) және О.И. Костомарова (№ 513 іс) деген есімдер ғана жазылған (ҚР ОМА. 251-қ. 13-т. 1-п.). Жоғарыда айтылған әйелдердің жеке істері 1956 жылғы 26 шілдедегі жасалған актімен жойылған.

1933–1934 жылдардан бастап әйелдерге, отбасыға қарсы бағытталған қуғын-сүргін саясаты қарқынды деңгейде жүргізілген. (Сборник законодательных и нормативных актов, 1993: 223).

1935 жылдың 29 сәуірдегі ГУИТУ-дың 672761 нөмерлі нұсқауында «Жасы жетпей айыпталғандарды ересектерден бөлек ұстау тәртібі» бұйырылады. Сөйтіп, «халық жауының» 12 жастан жоғары балалары ерекше мәжіліс шешімімен «Отанын сатқанның отбасы мүшесі» ретінде 5–8 жыл мерзіммен ЕТЛ-ға айдалған.

1933–1936 жылдар аралығында республика облыстық соттары бойынша сотталғандардың

қорытынды есебін шығарғанда, 1933 жылы 21805 адам (әйелдер көрсетілмеген), 1934 жылы 17257 адам (әйелдер көрсетілмеген), 1935 жылы – 16233, оның 612-сі әйел, 1936 жылы 20426 айыпталушының 1007-сі әйел екендігі анықталады (ҚР ОМА. 1380-қ. 2-т. 491-іс. 16-21-пп.).

Келтірілген мәліметке қарай отырып және де өзге де ЮХК құжаттарын зерттегенде 1930–1934 жылдарда сотталған немесе қылмыстық іске тартылған әйелдер туралы мәліметтердің жазылмағандығына куә боламыз.

Республика халық соттарымен айыпталған әйелдердің санын анықтасақ: 1935 жылы 611 әйел, оның 2-уі 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша, ал 86-сы ҚК 59-3, 54-і 59-7 баптарымен (Басқару тәртібіне қарсы Одақ үшін аса қауіпті қылмыстар) сотталса, қалғандары туралы жөнді мәлімет жазылмаған (ҚР ОМА. 1380-қ. 2-т. 561-іс. 3-п.). 1936 жылы басқару тәртібіне қарсы 6205 адам айыптаса, оның 237-сі әйел, ал қызмет бабында қылмыс жасаған 5596 адамның 2223-і әйел, мүліктік қылмыс жасаған 5202 адамның 215-і әйел, рулық тұрмыс қалдықтарына байланысты қылмыс жасаған 468 адамның 16-сы әйел болған. Сонымен, осы жылы 20261 адам сотталса, оның 981 әйел болған. Ал 258 әйел мүліктік қылмыс жасап сотталады. Сонда барлығы 1249 әйел үстінен қылмыстық іс қозғалған (ҚР ОМА. 1380-қ. 2-т. 561-іс. 3-п., 5–13-пп.).

Сонымен қатар, Астана қалалық мемлекеттік архивіндегі 65 қорда жазықсыз сотталған әйелдерге қатысты деректер бар. Әйелдердің көпшілігі ашаршылық жылдары сотталған. 75-80 жастағы әйелдердің де жеке істерін кездестірдік.

## Қорытынды

1920–1950 жж. саяси қуғын-сүргін зобалаңына әйелдер де балалар да ілікті. Халықтың мүддесімен ұштаспаған кеңестік реформалар саяси қуғын-сүргінмен ұласты. Азаматтар үстінен (оның ішінде әйелдерді де айтып отырмыз) заңсыз түрде қылмыстық істер өте көп қозғалған. Адам құқы өрекскел бұзылған.

Жазықсыз сотталған әйелдердің әлеуметтік жағдайы қатаң ескерілген. Адамдардың қандай әлеуметтік ортадан шыққанына қарап айыпталғандар тарапынан жазылған арыз-шағымдар қаралған. Бай мен діни тұлғалардың отбасы мүшелері адам санатына алынбаған (Астана ҚМА. 65-қ. 1-т. 5765-іс. 71-п.).

Зобалаң жылдары өзге аймақтардан арнайы жер аударылған әйелдер де, өндіріс орындарында жұмыс жасаған әйелдер де қуғын-сүргінге көп ұшырады. Саяси қуғын-сүргіннің ауқымы адам ақылына сыймайды. Заңсыздықта шек болмағандықтан, тыңғылықты әрі ұзақ жылдарға созылатын зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Отбасы тәрбиесі арқылы тұлға қалыптасады. Адамның мемлекетшіл санамен тәрбиеленуі де отбасынан бастау алады. Отбасыны «кеңестік мазмұнмен» тәрбиелеу саясаты қарқынды жүргізілгендіктен, ұлттық сана екінші орында қалды. Бай немесе ұлтын сүйген зиялылардың (Алаш), діни тұлғалардың ұрпақтары қоғамнан шеттетілді. Шыққан тегі колхозшы болу «мақтаныш» болды. Артық ой айтқандар қудаланды. Жалған тарих (тарихи тұлғаларды теріс бейнеде көрсеткен) оқытылып, жаттатылды. Баланы кеңестік қоғам «тәрбиеледі». 1920–1950 жылдары жүргізілген саяси қуғын-сүргін шараларына аналар да, сәбилер де, қариялар да ілікті. Адамның өмір сүру құқығы өрескел түрде аяққа басылды.

**Sources**

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
Aktobe RSA — Aktobe regional state archive
Astana CSA — Astana city state archive

**Дереккөздер**

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің архиві
Ақтөбе ОМА — Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві
Астана ҚМА — Астана қалалық мемлекеттік архиві

**References**

Abylhojin, 1991 — *Abylhojin J.B.* Tradicionnaia struktura Kazahstana: Socialno-ekonomicheskie aspekty funkcionirovaniia i transformacii, 1920–1930 gg. [The traditional structure of Kazakhstan: Socio-economic aspects of functioning and transformation, 1920–1930]. Alma-Ata: Gylym. 240 p. (In Russ.)

Abzhanov, 2023 — *Abzhanov H.M.* Alash zhane halyq koterilisteri [Alash and people's uprisings]. Bulletin of the Abai KazNPU: "History and Political-Social Sciences" series, 2023. No. 3 (78). Pp. 7–14. (In Kaz.)

Berikbaeva etc., 2011 — *Berikbaeva R., Medvedeva T., Yalymov N., Kuanyshbaeva V.* Kniga skorbi – Azaly kitap. Zahoronenie «Zhanalyқ» [Kniga skorbi – Mourning book. "Jhanalyk" burial.] List of martyrs (text). Almaty: Arys, 2011. 483 p. (In Russ.)

Buhonova, Gribanova, 1998 — *Buhonova I.N., Gribanova E.M.* Politicheskie repressii v Kazahstane v 1937–1938 gg. [Political repressions in Kazakhstan in 1937–1938]. Almaty: Kazakstan, 1998. 333 p. (In Russ.)

Danilov etc., 2000 — *Danilov V., Berelovich A., Vert N.* Sovetskaya derevnya glazami VCHK-OGPU, NKVD. Dokumenty i materialy. 1918–1922 [The Soviet village through the eyes of the AREC – the USPA, the PCIA. Documents and materials. 1918–1922]. Vol. 1. Moscow: ROSSPEN, 2000. 864 p. (In Russ.)

Geller, Nekrich, 2000 — *Geller M.Ya., Nekrich A.M.* Utopiya u vlasti. Istoriya Sovetskogo Soyuza s 1917 goda do nashih dnej [Utopia is in power. History of the Soviet Union from 1917 to the present day]. Moscow: MIK, 2000. 856 p. (In Russ.)

Harlamova, Rakisheva, 2002 — *Harlamova O.B., Rakisheva A.T.* Kniga skorbi – Azaly kitap; kaz. istoriko-prosvet. o-vo "Adilet" ("Spravedivost"); Akimat SKO RK. [Book of Sorrow – Azali Kitap; "Adilet" ("Justice") Kazakh historical enlightenment society; Akimat of North Kazakhstan region of Kazakhstan]. Issue 7: Severo-Kazahstanskaya oblast. Almaty: Kazahstan, 2002. 210 p. (In Russ.)

Hlevnyuk, 1992 — Hlevnyuk O.V. Prinuditel'nyj trud v ekonomike SSSR. 1929–1941 gg. [Forced labor in the economy of the USSR. 1929–1941]. Svobodnaya mysl', 1992. No. 2. Pp. 73–84. (In Russ.)

Kniga skorbi, 1996 — *Kniga skorbi* – Azaly Kitap. Rasstrelnye spiski [Book of Sorrow – Book of Mourning. Execution lists.]. Almaty: Adilet, 1996. 360 p. (In Russ.)

Kojgeldiev, 2004 — *Kojgeldiev M.Q.* Ulttyq sayasi elita. Qyzmeti men tagdyry (XVIII–XX gg.).[National political elite. Service and fate (XVIII–XX centuries)]. Zertteuler. Almaty: Zhalyn, 2004. 400 p. (In Kaz.)

Kozybaev, 1990 — *Kozybaev M.K.* Zhenshchiny Sovetskogo Vostoka v zarubezhnoj istoriografii [Women of the Soviet East in foreign historiography]. Alma-Ata: Gylym, 1990. 38 p. (In Russ.)

Kozybayev, 1992 — *Kozybayev M.Q.* Aqtandaqtar aqiqaty. Oqu quraly [The truth of excuses: a training manual]. Almaty: Qazaq universitety, 1992. 272 p. (In Kaz.)

Lenin, 1961 — *Lenin V.I.* Polnoe sobranie sochinenij [Full collection of essays]. Vol. 25. Mart-Iyul' 1914. Moscow: GIPL, 1961. 407 p. (In Russ.)

Nurpejis, 2007 — *Nurpejis K.* Tarihi tulgalar. [Historical figures]. Almaty: Qazaq enciklopediyasy, 2007. 199 p. (In Kaz.)

Omarbekov, Omarbekov, 2004 — *Omarbekov T., Omarbekov Sh.T.* Qazaqstan tarihyna zhane tarihnamasyndagy ulttyq kozqaras [National perspective on the history and historiography of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti, 2004. 388 p. (In Kaz.)

Pravoohranitel'nye organy, 1991 — Pravoohranitel'nye organy v SSSR: uchebnik [Law enforcement agencies in the USSR: textbook]. Moscow: Moscow University, 1991. 288 p. (In Russ.)

Rossi, 1991 — *Rossi Zh.* Spravochnik po GULAGU [Guide on the Gulag]. P. 1. Moscow: Prosvet, 1991. 269 p. (In Russ.)

Ryadnin, 1933 — *Ryadnin M.* Iz rabstva na lesa socialisticheskoj strojki [From slavery to the scaffolding of socialist construction]. Alma-Ata-Moscow: Politizdat, Kazahstanskoe otdelenie, 1933. 46 p. (In Russ.)

Sbornik zakonodatel'nyh i normativnyh aktov, 1993 — *Sbornik zakonodatel'nyh* i normativnyh aktov o repressiyah i reabilitacii zhertv politicheskih repressij [Collection of legislative and regulatory acts on repression and rehabilitation of victims of political repression]. Moscow: Respublika, 1993. 223 p. (In Russ.)

Shajmuhanov, Shajmuhanova, 1997 — *Shajmuhanov D.A., Shajmuhanova S.D.* Karlag [Karlag]. Karaganda: National Agency for Press and Public Information of the Republic of Kazakhstan, 1997. 175 p. (In Russ.)

Ugolovnyj kodeks, 1935 — *Ugolovnyj kodeks* RSFSR: s izmeneniyami na 15 oktyabrya 1935 g. [Criminal Code of the RSFSR: as amended on October 15, 1935]. Moscow: Ogiz, 1935. 189 p. (In Russ.)

Urpaqtar umytpajdy, 2017 — *Urpaqtar umytpajdy* [Generations will not forget]. Semey, 2017. 517 p. (In Kaz.)

Velidova, 1990 — *Velidova A.S.* Krasnaya kniga VChK [Red Book All-Russian Emergency Commission]: In 2 vol. Vol. 1. 2nd specified edition. Moscow: Politizdat, 1990. 415 p. (In Russ.)

Zhenskie kluby na Vostoke — *Zhenskie kluby na Vostoke* [Women's clubs in the East]. Moscow: Politizdat, 1927. 120 p. (In Russ.)

**Әдебиеттер**

Абылхожин, 1991 — *Абылхожин Ж.Б.* Традиционная структура Казахстана: Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации, 1920–1930 гг. Алма-Ата: Ғылым, 1991. 240 с.

Берикбаева Р. и т.д., 2011 — *Берикбаева Р., Медведева Т., Ялымов Н.* Книга скорби – Азалы кітап. Захоронение «Жаналық». Мартиролог (текст). Ред.: Куанышбаева В. Алматы: Арыс, 2011. 483 с.

Бухонова И.Н. и др., 1998 — *Бухонова И.Н., Грибанова Е.М. и др.* Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг. Алматы: Казакстан, 1998. 333 с.

Велидова, 1990 — *Велидова А.С.* Красная книга ВЧК: В 2 т. Т. 1. 2-е изд., уточн.. Москва: Политиздат, 1990. 415 с.

Геллер, Некрич, 2000 — *Геллер М.Я., Некрич А.М.* Утопия у власти. История Советского Союза с 1917 года до наших дней. Москва: МИК, 2000. 856 с.

Данилов и др., 2000 — *Данилов В., Берелович А., Верт Н.* Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ, НКВД. Документы и материалы. 1918–1922. Т. 1. Москва: РОССПЭН, 2000. 864 с.

Әбжанов, 2023 — *Әбжанов Х.М.* Алаш және халық көтерілістері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2023. № 3(78). Б. 7–14.

Женские клубы, 1927 — Женские клубы на Востоке. Москва: Политиздат, 1927. 120 с.

Книга скорби, 1996 — *Книга скорби – Азалы Кітап.* Расстрельные списки. Алматы: Адилет, 1996. 360 с.

Козыбаев, 1990 — *Козыбаев М.К.* Женщины Советского Востока в зарубежной историографии. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 38 с.

Кугын-Сургін Курбандары — Жертвы репрессий. Актюбинская область. Актобе, 1997. Т. 1. 314 с. Т.2. 278 с. Т.3. 250 с.

Қозыбаев, 1992 — *Қозыбаев М.Қ.* Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.

Қойгелдиев, 2004 — *Қойгелдиев М.Қ.* Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.). Зерттеулер. Алматы: Жалын, 2004. 400 б.

Ленин, 1961 — *Ленин В.И.* Полное собрание сочинений. Т. 25. Март – июль 1914. Москва: ГИПЛ, 1961. 407 с.

Нұрпейіс, 2007 — *Нұрпейіс К.* Тарихи тұлғалар. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. 199 б.

Омарбеков, 2004 — *Омарбеков Т., Омарбеков Ш.Т.* Қазақстан тарихына және тарихнамасындағы ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 388 б.

Правоохранительные органы, 1991 — Правоохранительные органы в СССР: учебник. Москва: Издательство Московского университета, 1991. 288 с.

Росси, 1991 — *Росси Ж.* Справочник по ГУЛАГУ. Ч. 1. Москва: Просвет, 1991. 269 с.

Ряднин, 1933 — *Ряднин М.* Из рабства на леса социалистической стройки. Алма-Ата-Москва: Политиздат, Казахстанское отделение, 1933. 46 с.

Сборник законодательных и нормативных актов, 1993 — Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. Москва: Республика, 1993. 223 с.

Уголовный кодекс, 1935 — Уголовный кодекс РСФСР: с изменениями на 15 октября 1935 г. Москва: Огиз, 1935. 189 с.

Ұрпақтар ұмытпайды, 2017 — *Ұрпақтар ұмытпайды*. Семей. 2017. 517 б.

Харламова, Ракишева, 2002 — *Харламова О.Б., Ракишева А.Т.* Книга скорби – Азалы Кітап; каз. историко-просвет. общество «Адилет» («Справедливость»). Акимат СКО РК. Вып. 7: Северо-Казахстанская область. Алматы: Казахстан, 2002. 210 с.

Хлевнюк, 1992 — *Хлевнюк О.В.* Принудительный труд в экономике СССР. 1929–1941 гг. Свободная мысль. 1992. № 2. С. 73–84.

Шаймуханов, Шаймуханова, 1997 — *Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д.* Карлаг. Караганда: Нац. агентство по делам печати и массовой информации Республики Казахстан, 1997. 175 с.

**МАЗМҰНЫ**

## ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Нұртазина Н.Д., Аманжолова А.Қ.**
МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ……………………………………………………………...…….646
**Саидов И.М.**
ШАРУА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА……………...661

## ТАРИХ

**Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Э.Д.**
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР…………………………………………………………………………………..……….675
**Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж.**
XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ……………….................................692
**Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У.**
ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ……………………………………….…………704
**Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А.**
ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ……….725
**Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ……………………………………………………………………..……………...744
**Жылкышыбаева К.К.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ………………..........................758
**Қаратаев Ә.Ә.**
ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?……………………………………………………………………………..………….772
**Марғұлан А.**
XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ЫДЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ………………………………………………………………………………………………..790
**Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М.**
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.)……………………………………………………………………………………….802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ……………........................................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ.**
1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ………………….830
**Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А.**
МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ……………...............................................................843

## АНТРОПОЛОГИЯ

**Біләлова Г., Хабдулина М.**
БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ……………………….856
**Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ)……………………………………………………………………..……………...869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ……………...…………..885

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

**Нуртазина Н.Д., Аманжолова А.К.**
ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА…………………………………………………………......646
**Саидов И.М.**
ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ………..…661

### ИСТОРИЯ

**Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д.**
ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ…………….……675
**Адиет К.Б., Калиев Ж.**
КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.……………….................................................692
**Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У.**
АБИЛПЕЙЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ……………………………………………………......704
**Ерншева Т.А., Кара А., Алпысбес М.**
ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР……………………………………………………………………………………………...725
**Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.**
РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ……………...........................................................................744
**Жылкышыбаева К.К.**
ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.)………………...............................758
**Каратаев А.А.**
ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?………………………………………………………………………………………772
**Маргулан А.**
ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ…………………………………………………………………………………….….790
**Сарсембина К.К., Козыбаева М.М.**
СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.)………………………………………………………………………………………802
**Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.**
МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОЛОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ……………….......................................................................815
**Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К.**
ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ………...………830
**Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А.**
КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ……………….........................................................843

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Билялова Г., Хабдулина М.**
ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК……………...…856
**Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА)………………………………………………..………………..869
**Ярыгин С., Сакенов С.**
СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ…………………………………………....885

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

**Nurtazina N.D., Amanzholova A.K.**
REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR`S STATE…………………………………………………………………..646
**Saidov I.M.**
POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS………...661

### HISTORY

**Assanova G., Adilbektegi G., Sain E.**
ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE…………675
**Adiyet K., Kaliev Zh.**
KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES)……………….............................692
**Gainous J., Berkinbaev O.U.**
ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS……………........................................................................704
**Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M.**
STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW……………………………………………………………………………………………...…725
**Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A.**
"THE UNRELIAABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY…………………………………………………………………………744
**Zhylkyshybayeva K.**
HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990……………..............................................758
**Karatayev A.A.**
ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?……………………………………………………………………………………...……772
**Margulan A.**
THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES……………………………………………………………………………………790
**Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M.**
THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950)……………………………………………………………………………………………………..802
**Tastekova G.B., Alpısbes M.A., Urakov D.Zh.**
MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS……………...........................................................................815
**Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K.**
TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.……830
**Shalmanova A., Beknazarov R.**
KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT……………............................................................................843

### ANTHROPOLOGY

**Bilyalova G., Khabdulina M.**
THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT……..856
**Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A.**
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021)………………………..…………………………………………………………………….869
**Yarygin S., Sakenov S.**
CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY…………………………………………….885

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми

журналы2023. 10 (4)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй